ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

2022-2023 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ МАУСЫМЫНЫҢ АШЫЛУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ 9 БАБЫНА , ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА АҢ АУЛАУ ЕРЕЖЕСІНЕ СӘЙКЕС , ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ 2022-2023 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ МАУСЫМ ТУРАЛЫ № 108- Ө БҰЙРЫҒЫ НАЗАРҒА АЛЫНАДЫ.

2022 жылдың 3 қыркүйегінен бастап құстарға және аңшылық нысаны болып табылатын жануарлардың басқада түрлеріне Қ.Р аумағында аң аулау ережесіндегі белгіленген мерзімдерде аңшылық шаруашылықтарда ғана аңшылық жасауға рұқсат берілген және Жамбыл облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясында 2022 жылғы 25 тамыздағы № 29-ө бұйрығы назарға алынады. Сонымен қатар Сарысу ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аңшылық алқаптардың резервтік қорында және мемлекеттік орман қорының бекітілмеген аңшылық алқаптарында құстар мен қоса басқа жабайы аңдарды аулауға жол берілмейді. Құқық бұзушылық жасаған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қатаң жауапкершілікке тартылады.

Сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлерінде, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, еркін аймақтарда ҚР заң талаптарына сәйкес құқық бұзушылықтарды болдырмау және жолын кесу мақсатында, кезекті рейдтік жедел іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Ескерту: арнайы рұқсат қағазы бар аңшылардың назарына, өрт шыққан жерде құрғақ жапырақтарды, бұтақтарды және кептірілген шөптерді от жағудан кем дегенде 1 м қашықтыққа алып тастау және су толтырылған шелекті дайындап қою керек. Аң аулау орындарында өшірілмеген темекі тұқылдарын лақтырмаңыз. Өзендер мен көлдердің жағасында шымтезек жерлерде және құрғақ шөптер мен қамыстардың арасында, қатты жел кезінде от жақпаңыз. Отты қараусыз қалдырмаңыз.Кетер алдында отты мұқият сумен толтырып, дымқыл топырақпен жауып тастаңыз.

Дала өрті-даланың өсімдік жамылғысы бойымен оттың стихиялық, бақылаусыз таралуы. Өрттің таралу механизмі бойынша төменгі орман өртіне ұқсас, бірақ дала өртінің таралу жылдамдығы жоғары, бұл бірқатар факторларға, атап айтқанда, құрғақ дала шөптерінің жанғыштығына және даладағы желдің жоғары жылдамдығына байланысты.

Аңшылардың аң аулау орындарында және су айдындарының жанында болған кезде өрт қауіпсіздігінің барлық ережелерін сақтауы өрттің туындауына жол бермеуге көмектеседі. Мұндай жағдайлар өсімдіктер мен жануарлар әлеміне зиян келтіруі, адамдарға қауіп төндіруі мүмкін.

Б.ТҮКІБАЕВ,
«Сарысу ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-нің Түгіскен орманшылығының орманшылық басшысы

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Жетінші шақырылған Сарысу аудандық мәслихатының кезекті 32-ші сессиясы 2022 жылдың 12 қазан күні сағат 12.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Халықтың санитариялық -эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының ауданда іске асырылу барысы туралы.

2.Жаңатас қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.

3.Жаңаарық ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.

4.Түркістан ауылдық округі әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауы туралы есебі.

5. Әртүрлі.

Тұрақты комиссиялардың мәжілісі аудандық мәслихатта 2022 жылдың 12 қазан күні сағат 10.00-да басталады.

Депутаттарды тіркеу 2022 жылдың 12 қазан күні сағат 09.30-дан бастап жүргізіледі.

Сессия отырысының онлайн-трансляциясы Aitube платформасында (Сарысу аудандық мәслихат) қолжетімді.

Аудандық мәслихат аппараты

ВНИМАНИЮ ДЕПУТАТОВ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Очередная 32-я сессия маслихата Сарысуского района седьмого созыва состоится в 12.00 часов 12 октября 2022 года в зале заседаний акимата района.

ПОВЕСТКА ДНЯ:

1.О ходе реализации в районе стандартов государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

2.Отчет акима города Жанатас о выполнении возложенных на него функций и задач.

3.Отчет акима Жанаарыкского сельского округа о выполнении возложенных на него функций и задач.

4.Отчет акима Туркестанского сельского округа о выполнении возложенных на него функций и задач.

5.Разное.

Заседание постоянных комиссий начнется в районном маслихате в 10.00 часов 12 октября 2022 года.

Регистрация депутатов будет осуществляться с 09.30 часов 12 октября 2022 года.

Онлайн-трансляция заседания сессии доступна на платформе Aitube (Сарысуский районный маслихат).

Аппарат районного маслихата

САРЫСУ АУДАНЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫ ДАМЫТУ БАҒЫТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Биылғы жыл аудан көлемінде өткізілетін спорттық іс-шаралардың күнтізбелік іс–шара және жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген.

Бұқаралық спортты дамыту үшін ауданымызда өткізілген спорттық іс-шаралар:

Қазіргі таңда аудан бойынша 212 спорт нысаны бар. (атап айтқанда, 2-спорт кешені, 1-стадион, 32-спор зал,28 футбол алаңы, 135-спорт алаңшасы,

Оның ішінде 33-баскетбол,32-волейбол,38-футбол алаңы, 32 –стрит воркаут). Оның ішінде 211 спорт нысандары тұрғындар үшін қолжетімді болып отыр.

Облыс әкімі мен аудан әкімі арасында жасалған келісімнің түйінді нысаналы индикаторларының 2022 жылға жоспар бойынша «Дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын барлық жастағы тұрғындарды қамтуды ұлғайту» 38,5 % пайыздық көрсеткішке жету, бүгінгі күні аудан бойынша халық саны 44694 дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушы тұрғындар саны 16309 адам жалпы 36,5 % құрайды.

№	Қала, ауылдық аймақтардың және ауылдардың атаулары	Халық саны	Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатындар саны (адам)	% мөлшері
1	Жаңатас қаласы	23461	8560	36,5
2	Байқадам а/о	6097	2225	36,5
3	Игілік а/о	2523	920	36,5
4	Жаңаталап а/о	1882	687	36,5
5	Жайылма а/о	3768	1375	36,5
6	Тоғызкент а/о	2139	780	36,5
7	Досбол а/о	638	233	36,5
8	Қамқалы а/о	825	301	36,5
9	Жаңаарық а/о	1883	688	36,5
10	Түркістан а/о	1478	540	36,5
	Барлығы	**44694**	**16309**	**36,5**

Спорт мектептері бойынша:

БЖСМ	**2022 жыл**
Сарысу ауданындағы дене шынықтыру және спорт бөлімі балалар-жасөспірімдер спорт мектептер саны	**5**
Штат саны: жалпы	**235**
Спорт бөлімі	**6**
Бұқаралық орталық	**19**
БЖСМ	**210**
Барлық БЖСМ оқушылар саны	**2876 оқушы**
14-18 жас аралық оқушылар саны	**911**
Спорт түрлерінің саны	**20**

20 (футбол, баскетбол, волейбол, шахмат, дойбы, бокс, каратэ-до шотокан, каратэ - до wkf, дзю-до, грек-рим, самбо, үстел теннисі, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, қол күресі, джиу джитсу).

Бөлімшелер саны	**158**
Оқытушы-жаттықтырушылар саны:	**83**
Жоғарғы дәрежелі оқытушы-жаттықтырушылар	**5**
I дәрежелі оқытушы-жаттықтырушылар	**4**
II дәрежелі оқытушы-жаттықтырушылар	**23**
Қазақстан Республикасының аумағында біліктілігін қайта даярлау курсынан өткен оқытушы-жаттықтырушылар	**15**
Іс-шаралар саны; жалпы	**119**
Қамтылған адам саны; жалпы	**9137**
БЖСМ бойынша іс-шара саны	**35**
Қамтылған адам саны	**2860**
Бұқаралық орталық бойынша іс-шара саны	**84**
Қамтылған адам саны	**6277**

Спорт түрлерінен Сарысу ауданы құрама командасының жетістіктері. (Медаль саны)

№	Іс-шаралар деңгейі	Алтын (саны)	Күміс (саны)	Қола (саны)	Барлығы
1	**Халықаралық** (чемпионат, турнир) жарыстар	3			
2	**Республикалық** (чемпионат, бірінішілік, турнир) жарыстар	35	10	33	78
3	**Облыстық** (чемпионат, бірінішілік, турнир) жарыстар	54	41	58	153
Барлығы		**90**	**51**	**91**	**234**

Аудандық спортшылардың жетістіктері

2022 жылы қаңтар – шілде айлары бойынша 234 медальға ие болды. Атап айтқанда Халықаралық жарыстар 3 алтын, Республикалық жарыстар 35 алтын, 10 күміс, 33 қола. Облыстық жарыстар 54 алтын, 41 күміс, 58 қола, жалпы 234 жүлде.

Бұқаралық спортты дамыту бойынша 2021 жылы 268 спорттық Іс - шараға 15632 ден астам адам қамтылды. 2022 жылы қаңтар – шілде айлары бойынша 148 спорттық іс - шараға 9380 адам қамтылды.

Іс-шаралар, жетістіктер:

Қостанай қаласында өткен 7-ші Халық ойындарында Нұр Аманшүкіров қазақ 2-ші орынды иеленді.

Досберген Диназ Қырғыз елінде дзю-додан 2-ші орынмен оралып, Өзбек елінің Самарқанд қаласында халықаралық турнирде 1-ші орынды иеленіп, алтын медальмен оралды.

Ливан Республикасында Азия чемпионатында Шугаева Сара самбодан 1-ші орынды иеленіп, жеңіспен оралды.

Дойбыдан ҚР чемпионаты Орал қаласында Ермағанбет Жанерке 2-орын алып,Ұлан Қаракөз 3-орынмен оралды.

2022 жылдың мамыр айының 22-23 күндері беобеу күресінен Қырғыз елінің Ош қаласында өткен Азия чемпионатында Әбдікеш Мерей күміс жүлдегері атанды.

Сонымен қатар;

Спрот нысандарына тұрғындардың, оның ішінде жастардың қолжетімділігін одан ары арттыру басты мақсат.

Асық атудан “Алтын асық” аудандық турнирі, футболдан әуесқойлар арасында Сарысу ауданы чемпионаты, “Әкем, анам және мен – спорттық отбасы” аудандық спорт фестивалі,“Алатау таңы” халықтық спорттық ойындары, Ауыл жасөспірімдерінің жазғы ойындары, Ұлттық ойын фестивалі, Сарысу марафоны, Футболдан “Былғары доп”, “Жас қыран” аудандық балалар жасөспірімдер турнирлері, салааралық спартакиадалар, жеңіл атлетикалық жүгірістер, және т.б. спорттық іс-шаралар өткізілуде.

“Ашық есік” күндері, атақты спортшылармен кездесулер және шеберлік сағаттарын өткізу жоспарда бар.

Көше, аула ойындарын ұйымдастыру. Арнайы жоспар бойынша алдағы уақытта атқарылатын болады.

Жастар арасында салауатты өмір қалыптастыру мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілуде, атап айтқанда: «Балалар жылы» және «спорт, жастар есіркіге қарсы», «Діни экстримизм мен терроризмнің» алдын алу мақсатында волейболдан 2006-2007ж.т. қыздар арасында облыстық ашық турнирі өтті, Бокстан КСРО және Азия жеңімпазы, Халықаралық дәрежедегі бокстан 2008-2009 ж.т. жасөспірімдер арасындағы 1-ші Республикалық турнирі өтті, Тоғызкент ауылдық округінде волейболдан жасөспірім қыздар арасында Сарысу ауданы біріншілігі өтті, 2022 жыл «Балалар жылына» орай және оқушылардың демалысын тиімді пайдалану мақсатында Жайылма ауылындағы Бөрібек Тоғызақбаев атындағы спорт кешенінде волейболдан 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында аудандық ашық турнир ұйымдастырылды, Жаңатас қаласы №26 БЖС-нің спорт кешенінде футболдан 2009-2010 жыл туылған және 2011-2012 жылы туылған жасөспірімдер арасында Еңбек ардагері Түгелбай Жаманқұловты еске алуға арналған дәстүрлі облыстық ашық турнирі өтті және әр елді мекенде «Көңілді старт» эстафеталық жарыстар өткізілуде, Жаңатас қаласы №30 БЖС-нің бокс мектебінде 25 - маусым Жаңатас қаласына 53 жыл толуына орай кіші футболдан Жаңатас қаласының ашық біріншілігі өтті.

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің 73 бабына сәйкес, 2022 жылдың қазан айының 10-нан 14-не дейін, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қ., Пушкин көш., 11 б мекен-жайында ораналасқан «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің "Болашақ" бөбекжайбақшасы» МКҚК-ға жасалған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша Бірыңғай экологиялық порталының сайтында (Ecoportal.kz) жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттамамен Ecoportal.kz сайтында танысып, ескертулер немесе ұсыныстар қалдыруға болады.

"TERRAMAR" ЖШС

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии со ст. 73 Экологического кодекса РК, с 10 по 14 октября 2022 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» для ГККП "Ясли-сад "Болашак" отдела образования акимата Сарысуского района управления образования акимата Жамбылской области", расположенного по адресу: РК, Жамбылская область, Сарысуский р-н, г.Жанатас, ул.Пушкина, №11б.

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте Ecoportal.kz для предоставления замечаний и предложений.

ТОО "TERRAMAR"

СТАТИСТИКА ХАБАРЛАЙДЫ

КӨРСЕТКІШ ЖОҒАРЫ

2022 жылғы қаңтар-тамыз айларындағы Сарысу ауданының әлеуметтік–экономикалық дамуының көрсеткіштері

Сарысу ауданы бойынша 2022 жылғы 1 қыркүйекке ірі қара мал саны 24505 басты, қой мен ешкі – 249675 басты, жылқы – 8465 басты, түйе – 3195 басты құрады. Сонымен қатар, аталған мерзімде 5033,1 тонна ет, 4038,1 тонна сиыр сүті, 2967,7 мың дана жұмыртқа өндірілді.

Аудан бойынша 2022 жылғы қаңтар-тамыз айларында бөлшек сауда тауар айналымының көлемі –

1339,3 млн. теңгені, негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі – 16253,7 млн. теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үй – 9634 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі – 3884 млн. теңгені, өнеркәсіп өндірісінің көлемі – 47789,7 млн. теңгені, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі – 14790,3 млн. теңгені құрады.

ЕСКЕ АЛУ



Арамызда жүрген жақсы адам өмірден өтіп кетсе де, көңілден ешқашан өшпек емес. Оның артында ұстамы жақсы ұрпақ, қабырғаны қайыстырған қимастық пен Алатаудай сағыныш қалатыны сөзсіз. Осындай қимас жанның бірі Саудакент ауылының тұрғыны болған, ауданның Құрметті азаматы, асыл жар, асқар тау әке, мейірімді ата, еңбек ардагері **Өсер Жарылқапұлы ЕСПЕНБЕТОВ** өткен жылы 9 қазанда 83 жасында келместің кемесіне мінген еді.

Тау алыстаған сайын биіктей береді демекші, қамқоршымыздан айырылсақ та, оның нұрлы бейнесі біз үшін асқақтай бермек. Әкемізді сағына еске алып, рухына дұға арнап, құран бағыштаймыз. Әкешім, қамқоршымыз едің, Өмір бойы біз үшін алаңдап, біз бақытты болса дедіңіз, қолыңыздан келгеннің бәрін істедіңіз, жан әкем. Арамыздан кетсе де, жүрегіміздесіз! Жаныңыз жәннатта, топырағыңыз торқа болып, иман байлығын берсін, Аллам!

Бәйтеректей әулетке сая болған,
Бәрінен де мейірімін аямаған.
Жәннатта жаның болсын, рухың биік,
Өзіңдей қайда бізге аяулы адам.

Марқұмның рухына бағыштап, Саудакент ауылы, Б.Кәріұлы көшесі №34 үйде 8 қазанда қонақасын, 9 қазанда жылдық асын таратамыз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: **жұбайы, ұлдары-келіндері, қыздары-күйеубалалары және немере-шөберелері**